

Бекітемін:

Аудандық сараптама кеңесімен



Бекітемін:

Мектеп директоры:

М.Ш. Жамалдинов



Келісемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Г.Т. Иманалина

«08» 09 2023 ж

ӘБ қаралды:

ӘБ жетекшісі:

Т.А. Сеілхан

хаттама №1

«08» 09 2023 ж

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің

1 «А» класының

2023-2024 оқу жылындағы

«Қызықты математика»

үйірме жоспары

Класс жетекшісі: Сеілхан Т.А

Түсінік хат

1 сыныптарға «Қызықты математика» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан, барлығы 33 сағат бөлінген.

«Қызықты математика» қосымша курсының басты мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

«Қызықты математика» қосымша курсының міндеттері:

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Тапдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Қызықты математика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

«Қызықты математика» пәнін оқытудың пәнаралық байланыстары
Математиканы оқыту процесінде балалардың білімі мен біліктерін, танымдық қабілеттерін дамыту үшін пәнаралық байланысты жүзеге асыру қажет. Математиканы оқыту процесінде белгілі бір пәнаралық байланыстар іске асырылады.

Математика мен қазақ тілінің арасындағы байланыстар:
грамматикалық және математикалық ережелердің пайдаланылуы;
математикалық терминдер енгізу арқылы тіл байлығының арттырылуы;
сөйлем құрастыру барысында үлгілеудің (модельдеудің) пайдаланылуы;
сөйлемдегі сөздер байланысының сызбаның көмегімен өрнектелуі;
сөйлем құрау, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің дамытылуы;
математикалық тілдің қалыптастырылуы.

Математика мен әдебиеттің арасындағы байланыстар:
көркем шығармаларды сұрыптау және ортақ немесе дербес белгілерін салыстыру арқылы анықтау және ажырату, теңеулердің қолданылуы;
халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің: жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, қаламақ, мақал-мәтелдер, ойын өлеңдердің және т.б. математика сабақтарында пайданылуы;
көркем шығармалардың мазмұны арқылы баланың ішкі сезіміне түрткі салу;
көркем шығармаларда сипатталатын ата-дәстүр, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиелік материалдарды математика мазмұнына сіңіру.

Математика мен дүниетанудың арасындағы байланыстар:
дүниедегі құбылыстарға дәл де әділ баға бере білу;
өзіндік пікір айту және оны дәлелдеу, өз көзқарасын білдіру;

математикалық есептердің мазмұны арқылы өзін қоршаған ортамен, табиғатпен баланы қарым-атынасқа келтіру;
айналадағы дүниеде танып білген, жинақтаған деректер мен мағлұматтарды математика сабақтарында пайдалану.

Математика мен бейнелеу өнерінің арасындағы байланыстар:
заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстыру, кеңістік жайында түсінік қалыптастыру;
геометриялық фигуралардан адам, жануар бейнелерін сала білу;
көркем сурет шығармалары арқылы баланың ішкі сезімін және көңіл-күйін ояту, дамыту.

Оқушылардың білім деңгейін бақылау

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

Қызығушылығын арттыру;

Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;

Шығармашылық ізденісін дамыту.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);

Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Математика оқулығы 1-4 сынып. Алматы «Атамұра» 1999ж.
2. Математика оқыту әдістемесі 1-4 сынып. Алматы «Атамұра»
3. Байдыбекова Е., Ергазиева Т. «Есептердің практикалық танымдық және тәрбиелік мәні». Бастауыш мектеп №2. 1988ж.
4. Б.Баймұханов. Математика есептерін шығаруға үйрету.
5. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Логикалық жинақтар». Алматы «Білім» 1998ж
6. А.Б.Жанәділ. «Математика сабақтарын түрлендіріп өткізу». Бастауыш мектеп №8-9. 1998ж. 41 бет.
7. Ж.Қайыңбаев. «Математиканы оқыту ерекшеліктері». Бастауыш мектеп №5. 1999ж. 9 бет.
8. Интернет желісі
9. «Математикадан өзіндік және бақылау жұмыстары» авторлары: К. Ерешева, Г.Жамалбекова «Өлке» баспасы Алматы 2009
10. «Қызықты математика» Ә. Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, В.В. Буrowова «Алматы кітап» 2011ж.
11. «Математикалық дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х. Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
12. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К. Жикалина, Алматы «Рауан» 1993 ж.

Бекітемін:
Аудандық сараптама
кеңесімен

«08» 08 2023ж



Бекітемін:
Мектеп директоры

Жамалалинов М.Ш.



Келісемін:
Тәрбие ісінң менгерушісі

Жакупова Ж.М.

ӘБ қаралды:

ӘБ жетекшісі

«08» 08 2023ж.

№3 Мәртөк орта жалпы білім беретін мектебінің
2 «А» класының
2023 – 2024 оқу жылындағы
«Математика және логика»
үйірмесінің бағдарламасы

Класс жетекшісі: Кадырова У.А.

Түсініктеме

2-сыныптың оқушысының абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Логикалық математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Логикалық математика» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Логикалық математика» арнайы курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

- геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
- жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
- математикалық басқатырғыштар;
- логикалық қортындылар;
- лабиринттер;
- көңілді жаттығулар;
- сөзжұмбақтар;

Білім беру мақсаты:

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білімі мен білігі бойынша:

10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек. Көбейту кестесін білуі керек.

Оқушы білуі керек:

- кері есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигураларды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030» ЖШС, 2010
2. Тестер жинағы. Алматы. Өнер 2005 баспасы.
3. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде. Шымкент. 2003
4. Математикалық жазулар. Алматыкітап баспасы, 2012
5. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
6. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
7. «Кім зерек?» Алматы 1993.
8. «Сказочные задачи» 1 сынып О.В.Лысова, О.В.Кутянина
9. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова «Алматыкітап» 2011ж.
10. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
11. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина, Алматы «Рауан» 1992ж.
12. Линго Т.И. Ойындар, ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар.- Ярославль: Даму академиясы, 2002 ж.
13. К.Ерешева, С. Төрениязова, А.Нарымбетова Математикадан өзіндік және бақылау жұмыстары. 2010 ж.
14. Ә.Б.Ақпаева Математика 1 сынып 2009

Оқушыларға ұсынылған әдебиеттер

1. Оқушының анықтамалығы 1-4 сынып «Алматыкітап баспасы» 2009
2. Математика пәні бойынша тест тапсырмаларының жинағы
«Келешек-2030», 2008
3. «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдары

Бекітемін:
Аудандық сараптама
кеңесінен

«07» 08 2023ж.



Бекітемін:
Мектеп директоры
Жамаладинов М.Ш.



Келісемін:
Тәрбие ісінің менгерушісі
Жакупова Ж.М.

ӘБ қаралды:
ӘБ жетекшісі

«08» 08 2023ж.

**№3 Мәртөк орта жалпы білім беретін мектебінің
2 «А» класының
2023 – 2024 оқу жылындағы
«Қызықты грамматика»
үйірмесінің бағдарламасы**

Класс жетекшісі: Кадырова У.А.

I. ТҮСІНІК ХАТ

«Қызықты грамматика» - таңдау курсы. Бұл курс арқылы оқушылар негізгі пән «Қазақ тілінде» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы таңдау курсы арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңіп, дұрыс, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Грамматикалық сауаттылықтары артады. «Қазақ тілі» пәніндегі сияқты қазақ тілінің дыбыстық, лексикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымын меңгеру үдерісі қарастырылады.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу барысында кездесетін кедергілерді жою, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау барысында, бір сыныпта әр түрлі деңгейдегі оқушыларға білім беруді тиімді ету қарастырылуды. Сол себепті, бағдарлама жалпы білім беретін мектептегі сынып оқушыларының арасында баяу қабылдайтын, зейінінің тұрақсыздығы, еске сақтаудың барлық түрлерінің, сөздік-логикалық ойлау қабілеті мен сөйлеу тілінің жеткіліксіздігі байқалатын балаларға, психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып, қызығушылығы төменгі деңгейдегі, оқушылық деңгейге арналып құрылған. Сонымен бірге, бұл деңгейдегі оқушылардың «Сауат ашу» оқу пәнінде жіберілген қателіктерді түзетіп, 3-сыныпта тереңдетіп оқытуға дайындау үшін «Дыбыс пен әріп», «Сөз», «Сөйлем» деген бөлімдер қайта қарастырылып, біртіндеп күрделендіріледі. Жұмыс дәптерінде орындауға берілген жаттығулар мен тапсырамалар оқушылардың қазақ тілінен алған білімдерін бекіте түседі.

Өзектілігі:

- Баламен жеке дара жұмыстар жүргізілу барысында оның жан-жақты дамуына, қоғамға бейімделуіне жағдай туғызу;
- Сынып ұжымында әр түрлі деңгейдегі оқушылардың өздерін емін еркін ұстауға бейімдеу;
- Балада болашаққа деген басқаша көзқарас қалыптастыру.

Максаты: Оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Басқалармен тең құқылы білім алуға мүмкіндік жасау. Өзіне сенімді, мәдениетті тұлға тәрбиелеу. Сонымен қатар, даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Олардың білімге деген құштарлығын, еңбек сүйгіштігін, орындалатын жұмысқа деген жауапкершілігін арттыру, қиындықтарды жеңе білуге баулу.

Міндеттері:

- балаларға медико-педагогикалық көмек көрсетуге жағдай жасау;
- толыққанды дамуына және бейімделуіне, табысты білім алуға және белсенді қызметке ынталандыру;
- балалардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге және табысқа жетуге үйрету;
- байланыстырып сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету;
- үлкендерді құрметтеп, олардан өнеге алуға жетелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Еркін ойлауға мүмкіндік алады;
- Ақыл-ойын дамытады;
- Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді;
- Тіл байлығы жетіледі;
- Жан-жақты ізденушілігі артады.

«Қызықты грамматика» таңдау курсының бағдарламасы 2-сынып оқушыларына арналған, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты қамтиды.

V. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. М.Қоянбаев. «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» 2005 жыл.
4. «Қызықты грамматика» жұмыс дәптері. «Алматыкітап» баспасы 2012жыл авторы: З.Муфтибекова.
5. «Қазақ тілі» өзіндік жұмыстар. 2-сынып Алматы «Өлке» баспасы 2011 жыл. Авторлары:К.Ерешева, Г.Сүйіндікова


Утверждена
Районным
Экспертным советом




Утверждена
директором
школы



Согласовано
Зам.директора
по ВР


«28» 08 2023

Рассмотрено
на заседании МО



Протокол № 1

от «28» 08 2023

Программа кружка
« Математика и логика »
2 класс «Б»

Учитель: Аксберг Т. В.
Мартукская ОСШ №3

2023-2024 учебный год

Пояснительная записка.

Актуальность программы определена тем, что младшие школьники должны иметь мотивацию к обучению математики, стремиться развивать свои интеллектуальные возможности.

Данная программа позволяет учащимся ознакомиться со многими интересными вопросами математики, расширить целостное представление о проблеме данной науки. Решение математических задач, связанных с логическим мышлением закрепит интерес детей к познавательной деятельности, будет способствовать развитию мыслительных операций и общему интеллектуальному развитию.

Не менее важным фактором реализации данной программы является стремление развить у учащихся умений самостоятельно работать, думать, решать творческие задачи.

Содержание программы соответствует познавательным возможностям младших школьников, развивая учебную мотивацию.

Творческие работы, и другие технологии, используемые в системе работы кружка, основаны на любознательности детей, которую следует поддерживать и направлять. Данная практика поможет детям успешно овладеть общеучебными умениями и навыками.

Цель:

- развивать математический образ мышления

Задачи:

- расширять кругозор учащихся в различных областях элементарной математики;
- содействовать умелому использованию символики;
- учить применять математическую терминологию;
- развивать умения отвлекаться от всех качественных сторон и явлений, сосредоточивая внимание на количественных сторонах;
- уметь делать доступные выводы и обобщения, обосновывать собственные мысли.

Особенности программы:

Соблюдение принципов взаимосвязи между классными и внеклассными занятиями, научной углубленности, практической направленности, занимательности и индивидуального подхода к каждому ученику.

В основе создания данной программы лежат:

- общедидактические принципы научности, доступности, систематичности и последовательности, связи теории с практикой, сознательности и активности, наглядности, преемственности и перспективности.

Список литературы

1. Агаркова Н. В. Нескучная математика. 1 – 4 классы. Занимательная математика
2. Н. Винокурова «Лучшие тесты на развитие творческих способностей» Москва, «Аст» 1999
3. Волина В.В. Занимательная математика для детей. Виктория–Специальная литература С.Петербург, 2003
4. Жикалкина Т.К. Игровые и занимательные задания по математике. Москва «Просвещение», 2001
5. Узорова О. В., Нефёдова Е. А. «300 задач по математике» Москва «Просвещение», 2004
6. Чутчева Е.Б. «Занимательные задачи по математике для младших школьников» Москва, «Владос», 2007
7. «Начальная школа Казахстана», Ежемесячный научно-методический журнал

Интернет-ресурсы

1. <http://www.vneuroka.ru/mathematics.php> — образовательные проекты портала «Вне урока»: Математика. Математический мир.
2. <http://puzzle-ru.blogspot.com> — головоломки, загадки, задачи и задачки, фокусы, ребусы. _

Утверждена
Районным
Экспертным советом
« 09 » 2023



Утверждена
директором
школы
« » 2023



Согласовано
Зам.директора
по УВР
« 29 » 08 2023

[Signature]

Рассмотрено
на заседании МО
Протокол № 1
от « 28 » 08 2023

[Signature]

Программа кружка по
«Математике и логике»
для 2«В» класса
Мартукская общеобразовательная
средняя школа №3

Учитель Гамалей Алёна Григорьевна

2023-2024 учебный год

Пояснительная записка

Одним из важнейших этапов в обучении детей младшего школьного возраста является развитие логического мышления, главная цель которого – формирование и развитие умения самостоятельно применять доступные способы познания (сравнение, измерение, классификацию и др.).

Логическое мышление лежит в основе решения многих видов задач, с которыми дети сталкиваются в школе и в жизни. Предлагаемая программа познакомит учащихся с обобщающими понятиями, позволит научить детей описывать признаки предметов, узнавать предметы по заданным признакам, определять одинаковые и различные свойства объектов, понятий и явлений, сравнивать их между собой, классифицировать по различным признакам (форме, цвету, размеру, величине, существенным свойствам, ориентироваться в пространстве, быть внимательнее, развивать мыслительные операции, память (то есть, обеспечит развитие навыков критического мышления, а также коммуникативных навыков, умения аргументировать свою точку зрения).

Программа факультативного курса «Элементы логики» рассчитана на 34 час (1 час в неделю) согласно учебному плану школы.

Цель курса:

- формирование и развитие мыслительных операций: классификации, анализа, систематизации, обобщения, синтеза, оценки.

Задачи:

- создание коллаборативной среды для успешной организации практической деятельности и познавательной активности для формирования мыслительных операций;

- создание условий для формирования и развития навыков диалогического обучения и критического мышления;

- разработка заданий для расширения зоны ближайшего развития каждого ученика.

В программу введены упражнения и дидактические игры, которые носят разноуровневый характер.

Программа предусматривает использование различных форм организации деятельности:

- парные занятия, групповые, коллективные;
форм работы:

(запоминание, воспроизведение и выработку собственного суждения) и как следствие повысится качество знаний.

Ожидаемым результатом программы планируется:

На уровне знаний и понимания (3 уровень):

- развитие способности воспринимать, запоминать, распознавать, доказывать, интерпретировать информацию;

На уровне применения знаний (2 уровень):

- умение использовать полученные знания для решения проблем; доказывать свое мнение;

На уровне анализа, синтеза и оценки (1 уровень):

- способность обсуждать, разбивать информацию на части, обобщать (связывать воедино), рассуждать, сопоставлять, формировать свое суждение, критически оценивать.

Критерии развития уровня логического мышления:

- умение находить зависимости между предметами, числами и др.;
- умение строить простые высказывания о сущности выполненного действия;
- умение находить нужный способ выполнения задания, ведущий к результату;
- умение активно включаться в коллективную игру, предлагать различные, нестандартные способы решения игровых задач;
- умение свободно разговаривать со взрослыми сверстниками по поводу решения проблем, творческих задач и способов их решения.
- умение определять последовательность (классификация и анализ)
- умение исключать понятия (определение понятий, выяснение причин, выявление сходства и различий в объектах)
- умение выявлять закономерности (анализ, классификация, синтез, оценка)

Содержание

(34 часа; 1 час в неделю)

(8 часов)

Определение различных и одинаковых свойств, предметов, явлений. *Сходство. Различие (найди сходство, найди различие). Выделение признаков (числа в пределах 100, величины, времена года, предметы быта: одежда, посуда,*

Список литературы

1. Тихомирова А.Ф. «Упражнения на каждый день: логика»
2. Ёлкина «Учим детей наблюдать и рассказывать». Пособие для учителя.
3. Начальная школа Казахстана №8 2002 с. 13
4. А.Г. Асмолов. Как проектировать универсальные учебные действия. Пособие для учителя, М., 2008
5. Обучение первоклассников приемам рефлексии
[http:// schools.perm.ru/modules/ wfsection/ aricle. php?](http://schools.perm.ru/modules/wfsection/article.php?)
6. Энциклопедия головоломок. Книга для детей и родителей. Москва «АСТ-ПРЕСС» 1999
7. Viri.rdf. ru
8. Detskiu – sait.ru



«Келісілді»
директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Жақ
Ж. М. Жакупова
28.08. 2023 ж

«Қаралды»
Ә/б отырысы
хаттама № 1
Т. А. Сейілхан
28.08 2023 ж

« Математика және логика »

3 «А» класс оқушыларына арналған үйірме жұмысының бағдарламасы

Құрастырған: Оразбаева Ш.К.
бастауыш класс мұғалімі

2023-2024 оқу жылы

Түрлілік хат

Танымдық мақсаты.

Тілді сақтаудың түрлері, қиял мен зейінді қалыптастыру, дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу.

Дамытушылық мақсаты.

Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру жіктеу болса, керектісін дәлелдеу, пікірін айту, өзгемен хабарласу, жауап беру тіл арқылы жүзеге асады. Осыған сәйкес сөйлеуді дамыту. Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлеммен жұмыс істеу барысында тіл дамыту. Қиялдау, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту.

Тәрбиелік мақсаты.

Тұлғааралық қатынастың тәрбиелік жүйелері. Қоршаған ортаға дұрыс көзқараспен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Алған білім-білік дағдыларын өмірде қолдана білуге үйрету, ізденімпаздыққа, өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу.

Құрстың міндетті:

-Құрстың басты міндетті- оқушыларға білім жүйесінің негіздерін меңгерту, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін молайту.

-Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

-Өзіндік жұмыс жағдаяттарын тиімді шешу.

Пәнаралық байланыс: әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі, дүниетану, логика негіздері, ұлттық дүниетаным.

Ұйымдастыру формалары: топтық жұмыс, зерттеу, бақылау жұмысы, жеке жұмыс, қосымша әдебиетпен жұмыс.

Оқушылар білуі тиіс:

- өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдылану

- теориялық білімдерін практика жүзінде ұштастыра білу

- өз қиялын ұштай отырып, сұрақ қоя білу

- күнделікті өмірінде болып жатқан түрлі іс-әрекеттің ерекшелігін бақылау әдісін қолдану арқылы анықтау

Оқушылар істей алуы тиіс:

- өзгеше және шапшаң ойлау

- әрекетті немесе нәтижені сынау

- өз көзқарасын және өз ойын ашық айту

- тірек сөздермен, мұғаліммен және дербес жұмыс жасау

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

Курс бойынша мазмұны мен құрылымы
«Қиял мен зейінге шолу»

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасына сай спиральды оқыту әдісі бойынша 4 тарау бойынша барлық кластарға бірдей тақырыптармен енгізілді. Әр класқа байланысты тапсырмалар күрделеніп дайындалады.

«Қызықты арифметика» бөлімінде балалардың сабақ үстінде танысқан көптеген ойындары арқылы есептей отырып, кейіннен күнделікті өмірге сіңіп кетеді. Мысалы: математикадан есептер, логикалық тапсырмалар мен логикалық есептер, қызықты есептер, айырмашылығын табу, есте сақтау тренингтері балалармен өткізілетін кез – келген тапсырманы сабақтың үстінде бой жазу ретінде қолдануға болады.

«Ойлауға берілген есептер» бөлімінде бастауыш сынып балалары, яғни тұлғаның танымы мен интеллектуалды дамуына қажетті тапсырмалармен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама, математиканың негізін сапалы игеруді қамтамасыз етеді.

«Геометриялық ұғымдар» бөлімінде көрнекі-бейнелі, логикалық және абстракты ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейіндегі алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасауды көздейді.

«Сөйлеуді қалыптастыруға арналған тапсырмалар» бөлімінде математикалық жұмбақтар мен мақал-мәтелдер алуға және еңбекке бейімдеуге, сондай-ақ ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтық және ұлттық болмысты жалпы адамзаттың мәдени мұраларымен үндестіру арқылы, баланы тұлға ретінде қалыптастыру және оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту. Мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Бастауыш класс оқушыларына арналған «Математика және логика» бағдарламасы құрылысы мен мазмұны математика курсының негізгі болып табылады. Мұнда тек қажетті дайындық деңгейі жетістіктерін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар логикалық - математикалық дайындықты күшейтетін терең, әрі жан - жақты математикалық білімді игеруді, математикалық нысандармен жұмыстағы нақты тәжірибені дифференциалдық тәсіл мүмкіндіктерін, оқу қызметінің маңызды элементтерін дамытуға жол ашады. Жаттығулар жинағында сабақтарды белгісіне қарай бөлуге және оларды орындауға, салыстыруға, жүйелеуге, логикалық сөздерді түсінуге және оларды дұрыс қолдануға, талдауға, ұғымды анықтауға, арналған тапсырмалар берілген.

Оқушыларды талқылай білуге, алған білімдерін қолдана білуге, негізделген ауызша есептеудің қызықты тәсілдеріне арналған тапсырмалар енгізілген.

Шығармашылық жаттығулар, геометриялық маңызды жаттығулар, логикалық тапсырмаларды шығару тәсілдерін үйретуді көздейді.

«Өмірдегі тиімділік»

Дарынды балаларға арналған «Математика және логика» көмекші, әдістемелік құралының ұтымдылығы оқушылардың бастауыш сыныптардан бастап өз ойын жүйелі де түсінікті етіп жеткізу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, қызықты сұрақтар, мақал - мәтел, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды талдауға басты назар аударылады. Сондай-ақ сөйлеудің ауызша және жазбаша түрі, олардың ерекшеліктерін қамтыған материалдар берілді. Тез ойлап, тез шешім қабылау, салыстыру, ажырату қабілеттерін дамытады.

Оқушыға өз ойын еркін айтуына, ойын дамыта өзгертуіне шығармашылық жұмыстағы еркіндікке, кез келген мәселені шешуге, баға беруге, таңдау жасауға, оқығанын өмірмен байланыстыруына, өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді.

Оқушылар алдына өзекті міндеттерді қоя біледі, оларды шешеді, логикалық тапсырмаларды пайдаланып, салыстыру, топтау әдістерін қолданып, дәлелді тәуелділіктің шешуін табады, талдай білу дағдысын дамытады, тәуелділік байланысын орнатады және қорытынды жасауды үйренеді.

Сонымен қатар логикалық ойлауға дағдыланады, логикалық сөйлеу және ойша елестеу қабілеті дамиды.

Қоршаған ортаны танып, білу үрдісі баланың ойлануын дамытып қана қоймайды, оқушының қоршаған ортаға адамгершілік қарым - қатынасын қалыптастыруына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың қоршаған дүние туралы алған білімін дұрыс қолданып, әлеуметтік және табиғи ортада өзінің жүріс тұрысын әділ бағалай білу қабілетін тәрбиелеу. Қоршаған ортаны танып білу сабақтарында алған білімі өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Таным теориясы адамға жинақталған ақпаратты зерттеп, ішінен маңыздысын таңдап, соның негізінде дұрыс өмірлік салтын ретке келтіру, дұрыс таңдау жасау қабілетіне ие болуға, яғни өзінің болмысы мен әрекетін бағалау дағдысын көрсете білуге мүмкіндік береді.